

М.Әуезоватындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
«Спорт және туризм» факультеті

ХАТТАМА

№

09.02.2026 ж.

ПРОТОКОЛ

№

09.02.2026 г.

«Спорттық пәндер және жекпе жектер» кафедрасы

Қатысқандар: СТИ 25-3к2 тобының студенттері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Қаржылық сауаттылық» тақырыбында білім алушылармен қаржылық сауаттылықтың не екендігін және оның күнделікті өмірде қалай пайдалануға болатындығын толығырақ талқылайық.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Алғашқы боп сөз кезегін топ кураторы Б.К. Саттаров алды: «Қаржылық сауаттылық» түсінігі қаржы саласындағы ықтимал құрал-саймандарды практикада қалай сәтті пайдалануға болатындығын түсіндіруге мүмкіндік беретін білім мен машықтың жиынтығын білдіреді. Соның нәтижесінде адам табысты жинауды, бюджетті сауатты жоспарлауды және шығындарды рационалды жаратуды үйренеді. Экономикада тұрақсыздық болған кезде бұл болашаққа деген сенімділікпен қарауға мүмкіндік береді. Ақша тауып, оны кез келген тауарға немесе қызметке жұмсауды әрбір адам біледі. Неліктен қаржылық сауаттылық қаржының кәсіби саласына қатысы бар екендігін түсінген өте маңызды.

Егер бір жан-жағымызға қарасақ, жалақыдан жалақыға дейін қиыншылық көретіндердің, қалағанын алмай, капиталды арттыруды қалайтын адамдардың саны көп екендігін байқаймыз. Тағы бір кеңінен таралған ситуация – қарызға алынған қаражатты сауатсыз пайдалану себебінен борышқорлық шұңқырға түсу. Бұған қарамастан шағын ғана қаражат алса да, қаржыны тиімді басқара алатын адамдар да бар екені анық.


ТЫҢДАЛДЫ: Аға оқытушы Жанбыров Б.Н.: Қаржылық сауаттылық неден басталады?

Әрбір адамға қол жетімді қарапайым негіздері келесідей: отбасылық бюджетті бақылау, кеңінен таралған қаржылық өнімдер мен қызметтерді сауатты пайдалану машықтары. Оған банктік карточкаларды пайдалану, салымдар бойынша табысты есептеу, кредиттер (қарыздар) бойынша борышкерлік жүктелімді есептеу, ақшалай аударымдарды жіберу, коммуналдық қызметтерді төлеу кіреді. Біз осындай әрекеттерге күн сайын жолығамыз.

Көптеген адамдар үшін қаржылық сауаттылық сұрағы өзекті болмауы ықтимал, ал кейбір адамдар бұл тақырыппен тіпті айналысуды қаламайды. Өзіне және жақындарына өмірдің жоғары деңгейін қалыптастыруды, ақшаны қалай жаратуды, қосымша табыс табудың көздерін табуды, оны көбейтуді қалаған адам өзінің қаржылық білімін дамытуға тырысады.


ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: Топ студенттеріне: Қазіргі таңда кез келген ересек адамға қаржы саласында сауатты болу өте маңызды. Сұрақтың өзектілігін үкіметте түсінеді. Сондықтан да Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы № 338 қаулысымен Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020 – 2024 жылдарға арналған бекітілген тұжырымдамасы бекітілген мұқият оқып шығу.

Куратор



Б.К. Саттаров

Хатшы



А.Жылкелді